

## Кепілдік қорының мәселелері туралы

### **Күшін жойған**

Алматы облысы әкімиятының 2003 жылғы 5 мамырдағы N 27 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылы 13 маусымда N 1209 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 04 маусымдағы N 118 қаулысымен

**Ескеrtу. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2007.06.04 N 118 қаулысымен**

Облыс әкімдігінің 2003 жылғы 1-сәуірдегі "Кепілдік қор құру туралы" N 12 қаулысына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілердің, басымды инвестициялық жобаларына несие беру кезінде кепілдікті мүлікпен қамтамасыз ету мақсатында Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ етеді:

1. Коммуналдық меншік объектілері N 1 қосымшаға сәйкес Алматы облысы әкімінің кепілдік қорына өткізіп берілсін.

2. Коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі департамент мүдделі мемлекеттік органдармен және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындармен (келісім бойынша) бірлесе отырып, N 1 қосымшаға сәйкес коммуналдық меншік объектілері бойынша құжаттарды сәйкес күйге келтірсін.

3. Коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі департамент шаруашылық жүргізу құқығы негізінде "Инновациялар жөніндегі комитет" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен бірлесе отырып, белгілеген тәртіппен коммуналдық меншік объектілерін Алматы облысы әкімінің кепілдік қорына өткізіп беруді ресімдесін.

4. Кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде коммуналдық меншік объектілерін кепілдікті қамтамасыз ету ретінде пайдалануға ұсынылған ережелері бекітілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары Б. Д. Тәкеновке жүктелсін.

### **Облыс әкімі**

О б л ы с ы

2 0 0 3

ж ы л ф ы

N

5

ә к і м д і г і н і ц

м а м ы р д ағ ы

N

2 7

бекітілді

Қ а у л ы с ы м е н

# **Кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдалану ЕРЕЖЕЛЕРІ**

## **1. Жалпы Ережелер**

1. Осы Ережелер Алматы облысындағы Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7-шілдедегі "Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдалану туралы" қаулысына сәйкес әзірленген және олар кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерін пайдаланудың бірегей негізі болып табылады.

2. Кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерінің кепілдікті қамтамасыз етуі шаруашылық жүргізу құқығымен жұмыс істеп тұрған мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың (кейін - МҚК) жанынан кепілдік қорын құру жолымен жүзеге асырылады.

3. Кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қорға өткізіп беру жөніндегі шешімді облыс әкімдігі қабылдайды.

4. Кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде коммуналдық меншік объектілерінің кепілдікті қамтамасыз етуі, МҚК өзінің кәсіпкерлік қатерін қамсыздандырған жағдайда жүзеге асырылады.

## **2. Кепілдік мүлкін іріктеу және оған баға беру**

5. Облыстық коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру департаменті жыл сайын коммуналдық меншік объектілерін жөндеуден өткізеді, сондай-ақ кепілдік қорға өткізіп берілетін коммуналдық меншік объектілерінің, олардың аталуы, орналасқан жері, баланстық құны және жағдайына байланысты басқа деректер көрсетілген тізбені әзірлеп, облыс әкімдігінің қарауына ұсынады.

6. Тізбені әзірлеу кезінде, Қазақстан Республикасының "банктер және банк қызметі туралы" заңына сәйкес коммуналдық меншік объектілерінің, кредит ұйымдарының талаптарына сәйкестігін бағалау жылжымайтын мүлік орталықтарының мамандарын немесе тәуелсіз сарапшыларды қатыстыра отырып, жүргізіледі.

### **3. Коммуналдық меншік объектілерінің кепілдік беруі есебінен несие алатын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын ірікте алу жұмысын ұйымдастыру**

7. Кәсіпкерлік субъектілерін, несие беру мекемелеріне ұсыну мақсатында кепілдік мүлік алу үшін облыс әкімінің 2002 жылғы 15-наурыздағы шешімімен құрылған облыс әкімі сараптау кеңесінің жұмысшы органына тапсырыс жасайды және осы ережелердің N 1 қосымшасына сәйкес, қажетті құжаттар пакетін тапсырады. Сараптау кеңесінің жұмысшы органы (кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту жөніндегі комитет) кепілдікті қамтамасыз ету үшін берілген жобаларды ірікте алуға қатысуға жасалған барлық тапсырыстарды тіркейді. Жобаларды ірікте алуға қатысу үшін кәсіпкерлік субъектілерінің жасаған тапсырыстарын тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

8. Кәсіпкерлік субъектілерінің жобалары бойынша ірікте алу төмендегі тәсілдермен жүзеге асырылады.

Сараптау кеңесінің жұмысшы органы жобаның экономикалық, ұйымдастырушылық, маркетингтік және қаржы жағын талдайды, жобаны жүзеге асырудың қажеттілігі жөнінде қорытынды жасайды және мәжіліс өтетіннен кем дегенде үш күн бұрын, жоба бойынша барлық құжаттамаларды қосымша бере отырып, сараптау кеңесі мүшелерінің қарауына тапсырады. Сараптау кеңесі тапсырыстарды қарап, коммуналдық меншік объектілерінің кепілдік қорынан кепілдік мүлкін беру мүмкіндігі туралы қорытынды шығарады.

9. Өз қызметін жүзеге асыру үшін сараптау кеңесі заңда белгіленген тәртіппен :

- жұмысқа ғалымдардың, беделді кәсіпкерлердің, мемлекеттік басқару органдары өкілдерінің арасынан сарапшылар мен консультанттарды және басқа мамандарды қатыстараты ;

- уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптау, сондай-ақ жұмысшы топтарын ұйымдастараты ;

- қажетті ақпараттық, аналитикалық, анықтамалық-статистикалық материалдар, сондай-ақ ведомстволық нормативтік-құқықтық актілер алады.

10. Жобаларды іріктеу кезінде төмендегі талаптар ескеріледі:

- кәсіпкерлік субъектісінің бюджет алдындағы қарызының жоқтығы:  
- несиелік досье болған жағдайда оның сәтті болуы;  
- облысты әлеуметтік экономикалық дамыту жобасының, дамытудың басымды бағыттарына сәйкестігі.

11. Сараптау кеңесі тапсырыстар тіркелген күннен бастап, ары кеткенде екі айдың ішінде оларды қарайды.

12. Кәсіпкерлік субъектісіне кепілдік беруден бас тартылған жағдайда жұмысшы орган жобаны іріктең алу жөніндегі тиісті кезеңнен кейінгі үш құн мерзім ішінде, кәсіпкерлік субъектісін жазбаша түрде кепілдік беруден бастарту негізdemесін көрсете отырып, хабардар етуге міндетті.

### **3. Кепілдікті қамтамасыз етуді ресімдеу**

13. Коммуналдық меншік обьектілерін, кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру кезінде кепілдікті қамтамасыз ету ретінде беру туралы келісім шарт жасау жөнінде МКК-ң шешімін қабылдауға Сараптау кеңесінің хаттамалық шешімі және несие беру ұйымының жобаны қаржыландыру жөніндегі оң шешімі негіз болады.

14. Кәсіпкерлік субъектілері несие алған кезде МКК кепілдік беруші болады.

15. МКК Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы "Жылжымайтын мұліктің ипотекасы туралы" № 2723 Жарлығына сәйкес, жылжымайтын мұлік орталығында келісім-шартты тіркеуден өткізе отырып, несие ұйымымен және қарыз алушымен ипотекалық келісім-шарт жасайды.

16. Ипотекалық келісім-шартта кепілдік мұліктің түрі, бағалау құны, негізгі міндеттеменің түрі, оның мөлшері және орындалу мерзімі, тараптардың құқықтары мен міндеттері, МКК-ң кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиelerдің мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру құқығы, сондай-ақ ипотекалық келісім-шартта тараптардың кез-келгенінің өтініші және қолданылып жүрген заңдарда тыйым салынбаған басқа да жағдайлар көрсетілуі тиис.

17. Кәсіпкерлік субъектілерінің, кепілдік қоры обьектілерінің кепілдік мұлкімен алынған несиelerді қайтару жөніндегі міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуде МКК-ң талабы бойынша, кәсіпкерлік субъектілеріне қажет болған жағдайда кәсіпкерлік қызметі обьектілеріне кепілдік және / немесе басқа кепілдік мұлік беріледі.

18. Кепілдікті қамтамасыз етуге обьектілерді пайдаланғаны үшін, кәсіпкерлік субъектісінің алған несиесі сомасының 0,1 пайзызы мөлшерінде төленетін МКК ынталандыру (қызықтыру) ставкасын белгілейді.

Кәсіпкерлік	объектілерін	субъектілеріне	несие
беру	кезінде	кепілдікті	қамтамасыз
ету	ретінде	коммуналдық	меншік
N 1 қосымша		пайдалану	ережелеріне

## **Жобаларды тіркеуге арналған құжаттар пакеті Өтініш берушінің ұсынған негізгі құжаттары**

N	Құжаттардың аталуы
1.	Кепілдік мүлік бергендігі туралы тапсырыс
2.	Қарыз берушінің сауалнамасы
3.	Жарғы және Құрылтайшының шарты (нотариалдық куәландырылған) Мемлекеттік тіркелгендігі туралы қуәлік және статистикалық карточка (нотариалдық куәландырылған)
4.	Мөр бедерімен нотариалдық куәландырылған уәкілетті тұлғалар қолтаңбаларының ұлгісі мен карточкалар
5.	Кәсіпорынның мөрімен куәландырылған басшылар туралы қысқаша аныктама
6.	Кәсіпорынның салық комитеті 1 жылға және соңғы есеп беру датасына куәландырылған қаржы құжаттары (ОКУД бойынша N 1,2,3, нысандары). Несиелік және дебиторлық борыштарды өтеу мерзімінің және оның пайда болған уақытының датасын көрсетіп жазу. Баланс құжаттына жан-жақты түсіндірме жазба.
7.	Қарыз алушының қаржы жағдайы (Картотека және несиелік қарыздары бойынша деректер) туралы және соңғы жылдың есептері бойынша орташа айлық айналым көрсетілген қызмет көрсетуші банктің анықтамасы. Салық комитетінің салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдер бойынша қарыздарының бар/жоқтығы туралы анықтамасы. Салық төлеушінің тіркеу номері.
8.	Кәсіпорынның соңғы 3 жылдағы несиелік тарихы.
9.	Уәкілетті органның несиені қатыстыру және кепілдік беру туралы шешімі, акционерлер тізілімінен көшірме.
10.	Техникалық-экономикалық негіздеме (бизнес-жоспар)
11.	Контрактілер (контрактілердің жобасы) барлық қосымшаларымен бірге
12.	Кепілдік құжаттар
13.	Қаржы және басқа құжаттарға қолтаңбасын қою құқығына ие бірінші басшыны және бас бухгалтерді тагайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімі
14.	Бірінші басшы мен бас бухгалтердің жеке қуәліктерінің көшірмелері
15.	Қолда бар қамсыздандыру полистары - мұліктік қамсыздандыру, жауапкершіліктік қамсыздандыру және басқалар
16.	Аудандық (қалалық) әкімдіктің қорытындысы

Бұл тізбе сараптау кеңесіне түсетең жобалардың бәріне бірдей болып табылады. Аталған құжаттар, жоба жұмысшы органында алдын-ала қаралғаннан кейін талаптарға сәйкес ресімделеді. Электрондық версиясы қоса берілген құжаттардың толық жиынтығын алғаннан кейін, жоба жұмысшы органның кеңесінде тіркеледі де ресми түрде сараптауға қабылданады. Бұл пакет ең шағын түрдегісі болып табылады және сараптау кеңесі жобаларды сараптауға және олар бойынша шешім қабылдауға қажет басқа да құжаттарды берулерін талап ету құқығын өзіне қалдырады.

Тапсырыс беруші ұсынылған ақпараттың растығына жауапкершілікте болады.

А л м а т ы

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 3

ж .

5

м а м ы р д а ғ ы

N 1 қосымша

**Кепілдік Қорға берілетін коммуналдық меншік объектілерінің тізімі**

Рет N	Объектінің атауы	Объекттің орналасқан жері	Б а л а н ұстаушы	Қалдық құны мың. теңге
<b>Алматы қаласы</b>				
1	Әкімшілік ғимарат	Желтоқсан к-сі, 112	Облыс әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімі	
2	Алматы экономикалық колледжі МҚК оқу корпусының ғимараты	Гоголь к-сі, 124	Алматы экономикалық колледжі МҚК	2615
3	Алматы экономикалық колледжі МҚК жатакханасының ғимараты	Темирязев к-сі, 17	Алматы экономикалық колледжі МҚК	1694
4	Алматы облыстық мектеп-интернатының ғимараты	Ғабдуллин к-сі, 45	Алматы облыстық мектеп-интернаты	2564
5	Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының ғимараты	Азербаев к-сі, 97	Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясы МҚК	3000
6	N 13 кәсіптік-техникалық мектеп, оқу корпусы, жатакхана	Райымбек к-сі, 480 А	N 13 кәсіптік-техникалық мектеп	11467 1481
7	Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы филиалының ғимараты	Айазовский к-сі, 63	Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы филиалы	204
8	"Алматы облыстық тері-венерологиялық диспансері" МДМ	Көк-Төбе к.Ж. Жабаев к-сі, 69 А	"Алматы облыстық тері-венерологиялық диспансері" МДМ	3635
<b>Талдықорған қаласы</b>				
1	Облыстық әкімдіктің ғимараты	Тәуелсіздік к-сі, 38	Облыс әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімі	
2	Облыстық қаржы басқармасының ғимараты	Қабанбай батыр к-сі, 26	Облыс әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімі	
3	"Жетісу" телерадио компаниясының ғимараты	Жетісу ш/а, 14 А	"Жетісу" ТРК МҚК	14978
4	Алматы облысы әкімі бейнелеу өнерінің галереясы	Қабанбай батыр к-сі, 27 А	Бейнелеу өнерінің галереясы МҚКК	34245
5	Облыстық денсаулық сақтау басқармасының ғимараты	Абай к-сі, 318	Облыс әкімі аппаратының қаржы - шаруашылық бөлімі	
6	"Жетісу" стадионы	Қабанбай батыр к-сі , 89/91	"Жетісу" КФК МҚКК	2294

7	"Спорт" қонақ үйі	Қабанбай батыр к-сі,89	"Жетісу" КФК МҚКК	992
8	"Өркен" спорт кешені	Алдаберге нов к-сі, 104/108	"Өркен" спорт кешені МҚКК	10743
9	"Сүкұбыры" МҚК мұліктік кешені	Гаухар ана к-сі, 99 A	"Сүкұбыры" МҚК	53288
10	"Талдықорған жылусервис" МҚК мұліктік кешені	Желтоқсан к-сі, 275	Талдықорғанжылусервис" МҚК	342706

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК